



С.СЕЙФУЛЛИН атындағы
ҚазАТУ СТУДЕНТ
ЖАСТАРЫНЫҢ ГАЗЕТИ

Мәжіліс

УНИВЕРСИТЕТИМ

«СЕЙФУЛЛИН ОҚУЛАРЫ – 9: ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ДАМУЫНДАҒЫ ЖАҢА БАҒЫТ»



С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті 2013 жылы қараша айының 28-29 күні «СЕЙФУЛЛИН ОҚУЛАРЫ – 9: жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференцияны өткізеді.

Конференция жұмысына қатысуға тақырып бойынша маңызды ғылыми зерттеу нәтижелері бар Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы, докторанттар, магистранттар, студенттер және ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарының қызметкерлері, ізденушілер, колледж және мектеп оқушылары шақырылады.

Сонымен қатар, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті 2013 жылғы 28-29

қарашада өтетін «СЕЙФУЛЛИН ОҚУЛАРЫ – 9: Жоғары білім беру және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция аясында Астана қаласы орта мектептерінің 9-11 сыныптары оқушыларына арналған «ҒЫЛЫМ әлемі оқушылар көзімен» тақырыбында ғылыми-зерттеу конкурсын өткізеді.

Конкурс оқушылардың ғылыми шығармашылығын қолдауға бейімделіп, оқушылардың ғылыми-зерттеу әрекетіне деген қызығушылығын қалыптастыру, шығармашылық әлеуетін ашу, оқушылардың креативтік қабілетін дамыту, ғылым саласында мектеп, ғылыми-зерттеу институты мен ЖОО-ларды жақындастыру және ынтымақтастыру арқылы жас ұрпақ арасында ғылыми қызмет абыройын көтеруге бағытталған.

Үздік ғылыми жұмыс авторлары «С.Сейфуллин оқулары - 9» атты ғылыми-теориялық конференция материалдарында жариялануға мүмкіндік алып отыр.

Оқушылардың ғылыми жұмыстарын қорғау 11 бағытта жүргізіледі.



1-желтоқсан -
Тұңғыш Президент күні

БІЗДІҢ БҰЛ ДҮНИЕДЕ
БІР ҒАНА ОТАНЫМЫЗ БАР,
ОЛ ТӘУЕЛСІЗ -
ҚАЗАҚСТАН!

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнін мерекелеуге байланысты университет бойынша екі күн 2013 жылғы желтоқсанның 1 және 2-і демалыс күндері болып белгіленеді, ал Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күнін мерекелеуге қатысты демалысқа желтоқсанның 15, 16 және 17-і үш күн беріледі.

В связи с празднованием Дня Первого Президента РК выходными днями по университету объявляются два дня – 1 и 2 декабря 2013 года, а на день Независимости Республики Казахстан выходными днями будут 15, 16 и 17 декабря 2013 года.

ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАСТАР САЯСАТЫ



С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссияның 15 жылдығына орай Ұлттық комиссияның төрайымы Г.Әбдіқалықовамен кездесу өтті.

Кездесу барысында «Отбасылық құндылық және жастар саясаты» тақырыбында пікірталас өрбіді. Студенттермен өткізілген кездесуге Ұлттық комиссияның мүшелері, танымал қоғам қайраткерлері қатысты.

Жиын барысында сөз алған С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің

Басқарма төрағасы Ақылбек Қажығұлұлы Күрішбаев өз сөзінде «Ұлттық комиссия елдегі демографиялық саясатты қалыптастыруда және дамытуда Қазақстан Республикасы Президентінің «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу» атты Жолдауындағы міндеттерге сай елдегі демографиялық саясатты жүргізуде үш принципті ұстанудамыз. Олар: демографиялық саясатты әзірлеп шығару, жүзеге асыру және отбасылық - демографиялық принциптер. Осы саладағы жұмысты жандандырып отырған ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссияның жұмысы жемісті» деп атап өтті.

Өз сөзінде Ұлттық комиссияның төрайымы Гүлшара Әбдіхалықова Республика бойынша «А» корпусына өткендердің 18-19 пайызын нәзік жандылар құрағанын тілге тиек етті. «Бұл дегеніміз тестілеу барысында әйелдердің жақсы көрсеткішке қол жеткізгені» деп атап өтті.

Сонымен қатар, студенттер тарапынан қойылған сұрақтар барысында елдегі зейнетақы реформасы мен демографиялық даму процесіне деген аландаушылық танытса, келесі студенттер көп балалы аналардың жәрдемақысының көлемін сынға алды.

Кеш соңында КазАТУ-дың жас оқытушысы, Қазақстан суретшілер одағының мүшесі Бақытжан Әріпов Ұлттық комиссия мүшелеріне өзінің «Әлди бөпем» атты авторлық жұмысын табыстады.

Жаухар Естекбаева

АТАЖҰРТТАҒЫ ТҰСАУКЕСЕР



С.Сейфуллин атындағы КазАТУ-да Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының ұйымдастыруымен тарихи Отанынан жырақта жүрген ақын-жазушылардың ана тілінде шығарған кітаптарының тұсаукесері өткізілді.

Шара барысында Дүниежүзі қазақтар қауымдастығының Астанадағы және солтүстік өңірлердегі бөлімшесінің басшысы Қарлығаш Бекпатшақызы университет қабырғасында оқитын оралман студенттерге заңгерлік кеңестер беріп, тарихи отанға бейімделу барысында көмек беруге дайын екендіктеріне тоқталды.

«Ұлттық құндылықтарды көздің қарашығындай сақтап, шекара асып кеткенімен, ана тілімізде сусындаған, ана тілімізде қалам тербеген қаламгерлеріміз мақтануға тұрарлық тұлғалар» деп сөз сабақтаған С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің тәрбие істері жөніндегі проректоры Жайнагүл Құсайынова білім ордасындағы оралман студенттерге жасалған бірқатар жеңілдіктерге тоқталып өтті.

Кездесу барысында шекара асып тарихи отанына оралған қандастарымыздың қауымдастықтың қолдауымен жарық көрген кітаптарының таныстырылымы өтті. Талантты тұлғалардың туындыларын өзге елде емес, өз елінде насихаттау мақсатында ұйымдастырылған кеш барысында бірнеше авторлардың туындылары университетке табысталды. Моңғолияның еңбек сіңірген қайраткері, жазушылар одағының мүшесі Үзбен Құрманбайұлы өзінің жаңа туындысы «Мәңгілік ел» кітабына арқау болған миллиондаған қазақтың мәңгілік мекені – Қазақстан туралы екендігіне тоқтала келіп, береке-бірлікті, ынтымақтастықты одан әрмен нығайта түсіп, жұдырықтай жұмыла түссе, болашағы бүгінгіден зор болмағына еш шүбә келтірмейтінін айтып өтті. Сонымен қатар, Сейітқан Әбілқасымұлының «Қуғын», Төленмырза Темірбекұлының «Қош, Мырзашөл», Ислам Жеменейдің «Иран қазақтары» т.б. кітаптарының таныстырылымы болды.

ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМНЫҢ АЛТЫН ҚОРЫ



Университеттің ғылыми кеңесінде университет ректоры, профессор Ақылбек Қажығұлұлы Күрішбаев экономика факультетінің «Маркетинг және сервис» кафедрасының меңгерушісі Базархан Ергешұлы Рүстембаевқа Ресей Жаратылыстану Академиясының «Отандық ғылымның алтын қоры» ұлттық бағдарламасы аясындағы комиссиясының шешімімен «LABORE ET SCIENTIA» орденімен «Білім мен ғылымға еңбегі сіңген қайраткер» төс белгісімен, «Золотая кафедра России» дипломын табыс етті.



- Базархан Ергешұлы, құрметті атағыңыз құтты болсын! Өзіңіздің шығармашылық өмір жолыңыз туралы тоқталып өтсеңіз?

- Рахмет, мен Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Бурное ауылында дүниеге келдім. Балалық шағымды сол жерде өткеріп, мектеп бітірген соң, Қазақ ауылшаруашылық институтына түстім. Осы оқу орнында алғашқы еңбек жолымды бастадым. Еңбек жолым қызықты да қиындығымен қатар, сан алуан саламен байланысты болды.

- Сіз өз кәсібіңізде инновациялық жаңалықтарды енгізумен де ерекшеленіп жүрсіз. Осы туралы айта кетсеңіз.

- Әрине, заман талабының өзі жаңашылдыққа, ізденіске итермелейді. Мен де болашақ қамы үшін бірталай ғылыми жоба аясында тыңғылықты жұмыстар атқардым десе де болады. Осындай 200-ден астам ғылыми жұмыстарым Ресей, Украина, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркия, Германия басылымдарында жарияланып, ал Қазақстанда еңбектерім тәжірибелік және ғылыми тұрғыдан жүзеге асырылуда. 2011 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грант иегері атандым.

- Еңбек ер атандырады дегендей, жемісті жетістіктеріңіз туралы айтарыңыз да көп сияқты?

- Иә, Ресейдің В.И.Вернадскийдің бейнесі бейнеленген «Серебряная» медалі, «А.И.Бараевқа 100 жыл» естелік медалімен, «Нұр Отан» республикалық саяси партиясының Құрмет грамотасымен, «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген ерен еңбегі үшін» белгісімен марапатталдым.

- Жігітке жеті өнер де аз демекші, сіздің

журналистік қырларыңызды да байқадық.

- Ол менің жұмысымен тікелей байланысты болып жатады. Сондықтан ара-тұра ғылыми мақалалармен жарияланған ақпараттарға пікірімді білдіріп жатамын. Бүгінде Қазақстан ауылшаруашылығының «Жаршы», «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ғылым жаршысы», «Қазақстанның зияткерлік мектебі» журналдарының редакциялық алқа мүшесі, сонымен қатар Ресей Жаратылыстану Академиясының «Экономикалық ғылымдар» бөлімі бойынша Президиумының корреспондент мүшесімін және «Ресейдің белгілі ғалымдары» энциклопедиясының қатысушысымын.

- Қазіргі уақытта сіз «Маркетинг және сервис» кафедрасын басқарып келесіз, нарықтық экономика жағдайында еліміздің кәсіпорын, коммерциялық ұйымдарының тауар өндіру – өткізу, еңбек қызметін басқару саласының мамандарын дайындауда қандай ауқымды істер жоспарлануда?

- 2009 жылдан бері осы кафедрада жұмыс істеймін. Заманауи талаптарға сай білікті мамандар дайындау барысында кафедра ұжымы зор еңбек етуде. Сонымен қатар, шетелдік тәжірибемен оқу жүйесін ұштастырудың арқасында студенттеріміз Түркиядағы Анталия қаласындағы инновациялық даму орталығының маркетингтік зерттемелер мен жоспарлау бойынша тәжірибеден өтті. Болашақ – жастардікі. Кемелденген, өркениетті елдің тізгінін да мықты етіп ұстайтын бүгінгі студент – ертеңгі маман.

- Сұхбатыңызға рахмет.

Алма Нұрқасымова

УНИВЕРСИТЕТ БАСПАСЫ



Студенттік «Менің университетім» газетінің штаттан тыс тілшісі Асқарұлы Думан университетің баспа орталығының тұрмыс-тіршілігін бағамдау мақсатымен баспа директоры Тілжуметов Жакен Мақажанұлымен сұхбаттасып қайтқан еді. Төменде осы сұхбатты оқырман назарына ұсынамыз.

- Жакен Мақажанұлы, дербес баспасы бар университеттер Қазақстанда саусақпен санарлық. Өзіңіз билік тізгінін қолға алған баспаның кешегісі мен бүгіні туралы тілге тиек ете отырсаңыз?

- Әрине, өткен тарих бетіне үңілсек, біздің баспа 1979 жылы ЦСХИ кезіннен бастап жұмыс істей бастаған болатын. Бастапқы кезінде құрамында екі-ақ маманы бар баспа бүгінде университеттегі барлық қажетті полиграфиялық өніммен қамтамасыз етіп отыр. Бұл орайда әрине, оның материалдық техникалық базасын дамытуға үлес қосып отырған университет басшылығына алғысым шексіз. Тек өткен жылы ғана бірқатар құрылғыларды жаңалап алдық.

Мен өз басым осы баспада 2004 жылдан бері жұмыс істеймін, жалпы ұжымда алты адам бар. Әрқайсысы өз ісінің маманы, жұмысына жауапты адамдар.

Баспада бұрын басып шығарушы 2 ризограф құрылғысы болса, кейін Жапониядан алынған түрлі-түсті бояуда шығаратын 2 ризограф құрылғысымен толықтырылды. Кейін университетіміздің басшылығының қолдауымен басылымдарды және кітапты жинайтын, қатты мұқабада шығаратын құрылғылар сатып алынды. Соның арқасында қазір біз стандартқа сай қалың мұқабадағы кітаптарды басып шығарамыз.

- Баспада қандай кітаптар мен оқулықтар, газет-журналдар шығарылады. Кітапты баспаға әкелген кезде біздің ұстаздарымыз тарапынан жіберілген қателіктер кездесе ме?

- Егемендік алғаннан бастап баспа қазақ тіліндегі оқулықтарды көптеп шығара бастады.

Қазіргі кезде баспа орталығы қазақ және орыс тіліндегі әдістемелік нұсқаулар мен кітаптар, силлабустар шығаруда. «Менің университетім» газеті айына 1 рет, «Ғылым жарғысы» атты журнал қазақ

және орыс тілінде жылына 4 рет, ал ағылшын тілінде «Science review» газеті жылына 2 рет жарық көреді. Алдағы жоспарға сай 2013 жылдан бастап ағылшын тілінде оқулықтар шығарылады. 2012 жылдың өзінде баспадан 790 оқулықтар шығарылды, қазақ тілінде 364 оқулық, орыс тілінде 426 оқулық, жалпы саны 192 228 дана шығарылады. Кітаптар дер кезінде шығарылып, студенттерді оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етіп отырмыз. Рас, бес саусақ бірдей емес дегендей, кейбір авторлар кітаптарында қателіктерге, оның ішінде техникалық қателіктерге бой алдырады. Кейбір жағдайларда кітаптарды кері қайтарып жіберген фактілер де кездесті.

- Жакен аға, сіздің ойыңызша патриот деген кім және сіз өзіңізді университеттің патриотымын деп есептейсіз бе?

- Патриот дегеніміз - елін, Отанын шын жақсы көріп, адал қызмет етіп, даму үшін кішкене болсын үлес қосқан жан. Сіздің бұл сұрағыңыз өте орынды, өйткені әр адам өз ісінің білгірі ғана емес патриоты да бола білуі керек. Өз басым кезінде студент болып табалдырығын аттаған сүйікті университетімде жасап жатқан еңбегімнің нәтижесі оның дамуына қосқан өзімнің қосқан үлесім деп білемін. Сондықтан, мен өзімді университетіміздің патриотымын деп айта аламын.

- Сұхбатыңызға рахмет!!!

*Энергетика факультетінің студенті,
Асқарұлы Думан*

Гордость университета

ПОБЕДИТЕЛЬ РЕСПУБЛИКАНСКОГО КОНКУРСА «СТУДЕНТ ГОДА»

Максат! Поздравляем вас с победой в Республиканском конкурсе «Студент года» в номинации «Лучший социальный проект».

- Почему вы решили создать проект? Что послужило толчком в создании проекта?

- Проект мы решили создать, потому что у нас были все шансы и возможности и хотели доказать, что мы, студенты КазАТУ, имея прочные знания, просто обязаны были выиграть этот Республиканский конкурс. Идея родилась, буквально, за три дня до конкурса. Я предложил Айгерим Кукеевой реализовать эту идею вместе, на что она с радостью согласилась.

- Каковы были ваши первые действия? С чего вы начали?

- Вначале мы обдумали: как правильнее его реализовать и оформить, чтобы конечная мысль дошла до организаторов конкурса. Наш проект назывался «Социально защищенный студент». Сначала мы собрали нужные документы, искали много информации в интернете и печатных изданиях, занимались подготовкой проекта каждый день, задерживаясь допоздна в университете. Отодвинули все свои дела, учебу на второй план. На итоговой стадии мы занимались сбором фотографий, различных договоров и отзывов о проекте. Это заняло у нас очень много времени и сил. Скажу честно, были люди, которые поддержали нас, но были и те, которые не верили в нашу победу. Но мы доказали, что наш проект является действительно лучшим и не имеет аналогов на всей территории нашей страны!

- Как вы успевали все это совмещать?

-Хочу отметить, что в период подготовки проекта у нас с Айгерим было очень много других дел, поскольку она является председателем КДМ университета, а я являюсь руководителем журналистской студенческой организации при пресс-центре университета. Несмотря на занятость, мы успели подготовить и сдать наш проект вовремя.

- Спасибо, Максат. Вы являетесь гордостью нашего университета!



Беседу вела Армангуль Жунусова

ПЕРВИЧНАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ ВETERАНОВ ТРУДА

14 ноября 2013 года в Казахском агротехническом университете им.С.Сейфуллина состоялось отчетно-выборное собрание первичной организации ветеранов труда. В мероприятии приняли участие ректор университета, профессор Куришбаев А.К., председатель Сарыаркинского районного совета общества ветеранов Котырев К.И., ветераны университета. В повестке собрания был рассмотрен отчет председателя совета ветеранов Сапарова О.С. о проделанной работе за 2009-2013гг., также выборы нового состава Совета ветеранов.

В ходе собрания заслушан доклад Сапарова О.С., раскрывающий в полной мере работу Совета ветеранов. Начальник отдела социально-воспитательной работы Б.М.Шаяхметова рассказала о том, какая работа в университете проводится совместно со студентами, КДМ университета, а также о проведенных праздничных мероприятиях к Дню людей старшего поколения.

Ректор университета, профессор Куришбаев А.К. одобрил доклад председателя Совета ветеранов, отметив, активную работу Совета. Также в своем выступлении ректор поделился с ветеранами о работе университета, его достижениях на сегодняшний день, о планах на будущее.

В прениях выступили ветераны факультетов Федоров А.К., Балтин Б.Б., которые одобрили доклад Сапарова О.С. и высказали ряд пожеланий в работе на будущее. Так ветеран экономического факультета Балтин Б.Б. внес предложение: просить Республиканский Совет профсоюзов о выделении путевок в санатории для нуждающихся в лечении ветеранов.

Кроме того, единогласно председателем Совета ветеранов на новый срок вновь был избран Сапаров О.С.

Мероприятие завершилось концертной программой, подготовленной факультетом общественных профессий.



ЭКОЛОГИЯ МАМАНДЫҒЫ – XXI ҒАСЫР ТАЛАБЫ

Қазіргі таңда адамзат биосфераға антропогендік қысым қайтымсыз сипат алып, қоғамның күннен-күнге артып бара жатқан сұранысы мен табиғат мүмкіндігінің азаюы арасындағы қарама-қайшылық күрт шиеленіскен кезеңінде тұр. Қоршаған ортаны қорғау бойынша ЮНЕСКО мен БҰҰ Бағдарламасы экологиялық білімді адам мен табиғат арақатынасының үйлесімділігінің негізгі құралы ретінде ұсынған болатын.

ҚР тұрақты дамудың жаңа жолына түскен кезеңде жас ұрпақты ізгілікке, эстетикаға, отансүйгіштікке баулитын экологиялық білім мен тәрбие берудің маңызы арта түсуде. Ерекше маңыздылығына байланысты, экология және экологиялық сауаттылық, экологиялық мәдениет мәселелері биік мәртебелі мемлекеттік деңгейде қарастырылатын болды. Осы орайда Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы қоршаған ортаны қорғау мәселесі туралы былай делінген: «Барлық дамыған мемлекеттер баламалы және «жасыл» энергетикалық технологияларға инвестицияларды көбейтіп жатыр. 2050 жылға қарай осыларды пайдалану барлық тұтынатын энергияның 50% өндірілуіне мүмкіндік туғызады. Жайлап көмірсутектік экономика заманы аяқталып, адамзат үшін энергияның баламалы көздер дәуірі басталып келеді. Барлық өндіруші мекемелер тек экологиялық қауіпсіз өндірістерді енгізулері керек. Еліміз дамудың «жасыл» жолына тусуіне қуатты импульсті Астанада өтетін ЭКСПО-2017 беруі қажет. Біз тырмысып отырған «болашақ энергиясын» көптеген қазақстандықтар өз көздерімен көре алатын болады.» Бұл, әрине, қалың бұқараны экологиялық сауаттылыққа тарту.

Қалың бұқараның экологиялық мәдениетін қалыптастырудың негізі болып келетіні ғалами экологиялық және өз елінің экологиялық проблемалары туралы толық мағлұмат алуында. Экологиялық мәдениет пен экологиялық сана экологиялық білімділіктен туындайды.

Қазақ халқы табиғаттың азуына жол бермейтін тыйым ережелерін қоғамдық сана деңгейіне дейін көтерген. «Суға түкірме», «Күл шашпа», «Шөпті жұлма», «Көкті таптама», «Тал кеспе» т.б. толып жатқан тыйым сөздер мен ескертпелер осының айғағы. Әсемдік пен сұлулықтың адам өміріндегі маңызы мен орнын «Ер – елдің, орман-тоғай – жердің көркі» деп баламалық негізбен көрсетіп келді. «Судың да сұрауы бар», «Балық аулай алмаған суды

лайлайды» т.б ырым-тыйымдар ұрпақты үнемділікке, ұқыптылыққа, бақылау-байқампаздыққа сергектікке, барды бағалап, қадір тұтуға, аялауға үйретті. «Аққан судың жолы сара» деп, табиғат болмысына өзгеріс әкелуге абай болуды ескертті. «Құстың ұясын бұзба, жұмыртқаларын жарма, бетіңе шұбар түседі», – деген сескендіру ескертпе сөзі арқылы тіршілік атаулыға қамқор болуға үйретті.

Экологиялық білімнің негізгі көздерінің бірі жоғары оқу орындарда экологиялық мамандықтар бойынша білім алу. Өз мамандығын терең түсіну, мамандық бойынша оқу бағдарламаларын, оқу материалдарын терең меңгеріп, қоғамдық жұмыста және өндірісте алған білімді тиімді қолдана білу болашақ мамандардың міндеті.

Осы бағытта үлкен еңбек етіп отырған ұжым Астана қаласындағы С.Сейфуллин атындағы агротехникалық университеті агрономия факультетінің «Экология» кафедрасы. Кафедра «Экология» мамандығы бойынша бакалаврлар дайындайды. Оқу бағдарламасында мамандыққа сәйкес міндетті және кәсіби пәндерді оқыту қарастырылған. Бакалавриат үшін таңдамалы пәндер үнемі талданып, жұмыс берушілердің талап-тілектерімен жетілдіріп отырылады да, студенттердің пән таңдауына мүмкіндік жасалады.

Кредиттік технология және алыстан оқыту аясының ерекшеліктері бойынша кафедраның профессорлар-оқытушылар құрамы мамандықтар бойынша контентті қазақ, орыс тілінде оқу-әдістемелік әдебиетпен (электрондық) қамтамасыз етіп отырады. Кафедра тарапынан студенттер білім алатын дәрісханалар мен зертханалар заман талабына қарай жабдықталып, жаңартылып отырады.

Қазіргі жағдайда өндіріс табиғатқа кереметтей қысым жасауда. Осыған орай табиғатты ұтымды пайдаланудың ғылыми білімге негізделетінін жас буын түсінуі керек. Сондықтан жастарды ғылыммен айналасуға, ғылыми жаңалықтар ашуға баулу, ғылымға ұмтылуға шақыруға бауынның, ұстаздардың, ғалымдардың міндеті. Бүгінгі таңда экология кафедрасында жүргізіліп жатқан ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттары: шөлейттену үдерісі мәселелерін қарастыру және дала экожүйесі тозуының алдын-алу, атмосфералық ауаның ластану мәселелері, ауыз және табиғи су сапасының мониторингісі, азық-түлік қоспаларының тірі ағзаларға әсері.

*Қ.М. Сатова, С.М.Күлжанова
С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУдың
ұстаздары*

ТОЧКА МЕН НҮКТЕ

Баспасөз қызметінде қарбалас. Кезекті кездесу өтпекші. Оған сырттан қонақтар келмекші. Түскі ас деген жайына қалған.

- Кювётка дайындау керек! – бастықтың даусы естілгені сол еді, Жұлдыз ұшып кете жаздады. Келесі бөлмеге жүгіріп барып, қайта келді.

- Алма Батыровна, мына кісінің аты қызық боп тұр!

- Неге?

- Білмейім. Аты Точка екен..

- Точка. Точкасы несі тағы. Ондай ат бола ма?

– бастық Жұлдыздың қолындағы тізімге шүкшиып олай қарады, былай қарады. Шынында «Точка Нұрахмет» деп жазылыпты.

- Мүмкін емес. Ошибка. Залға бар да ол кісіні тауып ал. Қонақтар уже келіп жатыр ғой, ол да келіп қалған шығар.

Жұлдызжан дедектеп кездесу өтетін залға кетті. Көп ұзамай өзі ғана емес, жанына егделу келген бір кісіні ерте келді. Шырттай боп киініп алған түріне қарағанда кездесу қонағы секілді.

- Қарағым-ау, - деді әлгі кісі келген бетте, - Точка Нұрахмет деген ағаң мен болам. Мына қызың сенбейді.

- Қалай сіз боласыз? Сонда атыңыз...

- Иә, менің атым – Точка. Әкемнің азан

шақырып қойған аты.

- Қызық екен...



- Қызық ештеңесі де жоқ... Мен туғанда әкем алпыс сегіз жаста екен. Сосын әкем «осымен точка болсын» деп маған Точка деген ат қойыпты.

-Қызық екен... Сонымен точка болды ма?

-Жоға-а, менен кейін тағы бір қыз туылды.

- Оның атын кім деп қойыпты?

- Оның атын әке-шешем ойланбастан «Нүкте» деп қойды. Солай қызым, сонымен мен Точка, қарындасым Нүкте болып өмір сүріп келеміз.

- Нүктеден кейін ше...

- Жоқ нүктеден кейін «запятой» болған жоқ. Нүкте нағыз Нүкте болды.

Кюветкаға амалсыздан «Точка Нұрахмет» деп жазуға тура келді... Баспасөз қызметіндегілер «қазақ та ат қойғыш» деп жымындасты...

Мұхтар Шаянбай

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Аграрка КВН командасы Астана қалалық Маусымашарында ІІ-орын алды! Құттықтаймыз!



Отаның Қазақстаның

Отан деген оттан ыстық білесіңбе ондайды,
Отанға деген шын сезім жүректе жатыр тулайды.
Жер аяғын шыр етіп туып басқаннан
Ормансыз бұлбұл отансыз адам болмайды.
Отан деген Жәнібек Керей салған жер,
Отан деген Хақназар хандық құрған жер,
Отан деген Жетісу алқап Түркістан
Абылай сұлтан байрағын байлап қаққан жер!
Отан деген бабалар жауға шапқан жер,
Ат үсті жүріп төкті ғой олар қан мен тер.
Отан деген Қорқыттың қоңыр дауысы
Ажалдан қашып Қобыздың үнің төккен жер.
Отан деген данышпан Абай туған жер,
Жерұйық іздеп Асан қайғы жортқан бел.
Отан деген Жайық пен Алтай арасы
Ежелден бабам құрықтап малын баққан жер.
Отан деген Жәңгірдің бөкей ордасы,
Махамбет туған Қызыл құм биік жотасы.
Отан деген Бурабай таулы оқжетпес,
Төсінде шапқан Ақанның құла жорғасы.
Отан деген тау озен көл бұлағын,
Алатау Асқар жайылым жазғы тұрағын.
Отан деген Торғай мен Ырғыз даласы
Ыбырай жаққан таусылмас білім шырағын.
Отан деген Нұрағаң нұрын төккен жер,
Азаттықтың таңы боп көкпен нұрын төккендер.
Отан деген Қазақстан туған ел
Бар мақсатқа Нұрлы жолмен жеткен ел!!!
Отан деген Қазақстан кең өлкем,
Қойнауы толған қазына байлық кең екен!
Отан деген Қазақстан мекенім
Рухы биік тәңі бекем ел екен!
Отан деген Қазақстан байтақ ел,
Шарықтаған даңқы оның асқар бел.
Отан деген Қазақстан мақтаным,
Есімінді бүкіл әлем айтады ел!!!



Нурболат Сыздықов

С.Сейфуллин атындағы
Қазақ агротехникалық
университеті техникалық
факультетінің 3 курс студенті.

С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ студент жастарының
«Менің университетім» газеті. Газет ҚР Мәдениет және
ақпарат министрлігінде тіркеліп, 16.04.2012 жылы
№12645-Г куәлігі берілген.
Баспасөз орталығының Директоры Айжан Жұмабаева
Нөмірге жауапты редактор Жаухар Естекбаева
Дизайн және беттеуші Жансая Омарова
Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Жеңіс даңғылы, 62
Байланыс телефоны:
8/7172/39 57 07
Газет ай сайын шығады, таралымы 1 000 дана.



27
Қараша

«ҚЫЗ ЕРКЕМ-БҰРЫМЫМЕН КӨРКЕМ»
Каспий өтеді.

Қатысам деушілер келесі нөмەرлерге
хабарласыңыздар: 8-705-821-40-40;
8-701-415-08-88

ВКОНТАКТЕ желісіндегі **"Жас Отан" [ҚазАТУ]**
парақшасында жазба қалдыруларыңызға болады